

Краткая информация о проекте

Жоба аты	AP15473326 «Қазақ тілінің жиілік сөздігі – Қазақстанның техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді оқыту әдістемесінің инновациялық базасы»
Жобаның өзектілігі	«Қазақ тілінің жиілік сөздігіндегі» сөздер мен сөз таптарының статистикалық деректері қазақ тілінің лексикалық құрамын жан-жақты зерттеуде салыстырмалы талдауды жүзеге асыруға, сөз табына қатысты нақты фактологиялық мәліметтер беруге, тұтастай алғанда, қазақ тілінің көптеген теориялық мәселелерін шешуге мүмкіндік туғызады. Жиілік сөздік бүгінгі таңда аса өзекті болып отырған мемлекеттік тіл саясаты бойынша атқарылатын іс-шараларды жүзеге асыруға, атап айтқанда: мемлекеттік тілді оқытуда, әсіресе, оқулықтарды, оқу құралдарын, оқу сөздіктерін, тілдік (лексикалық, грамматикалық) минимумдарды жасауда бірден-бір қажетті құрал болып табылады.
Жобаның мақсаты	Тілдегі, оның ішінде бейіні техникалық жоғары оқу орындарында белсенді оқытылатын сөздік қор шегарасын, сол арқылы қазақ тілін, әсіресе екінші тіл ретінде үйренетіндерге арналған тиімді оқулықтар мен оқу құралдарын, оларға база болатын лексикалық-грамматикалық минимум әзірлеуге қажетті лексикалық материалды анықтап беру.
Жобаның міндеттері	<ul style="list-style-type: none">- Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді деңгейлетіп оқыту технологиясын әзірлеу;- Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді меңгерту барысында бірінші деңгей тапсырмаларының үлгісін жасау;- Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді меңгерту барысында екінші деңгей тапсырмаларының үлгісін жасау;- Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді меңгертудегі деңгейлеп оқытудың ерекшеліктерін көрсету;- Қазақ тілінің жиілік сөздігін негізге ала отырып Қазақстандағы техникалық жоғары оқу орындарында білім алатын студенттердің оқу материалдары негізінде Техникалық мамандықтарға арналған минимумдардың қазақша жиілік сөздігін компьютердің көмегімен түзу (сөздік түзу үшін бірнеше мамандықтар таңдалып алынатын болады. Соның негізінде жиілік сөздік жасалады.);- жиілік сөздікті түзу үшін түгелдей электрондық базаға жинақталады. Жинақталған мәтіндер техникалық түзетулерден өткізіліп, өңделеді.- аталған жиілік сөздіктердің түріне қарай, әрбіреуіне қатысты статистикалық мәліметтерді есептеп шығаратын компьютерлік бағдарлама жазу;- алынған жиілік сөздіктер бойынша статистикалық сипаттама жазу;- баспадан кітап түрінде және электрондық сөздік түрінде шығару.

<p>Күтілетін және қол жеткізетін нәтижелер</p>	<p>а) Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді деңгейлетіп оқыту технологиясын әзірленеді.</p> <p>ә) Қазақ тілінің жиілік сөздігі негізінде техникалық жоғары оқу орындары студенттеріне мемлекеттік тілді меңгерту барысында бірінші және екінші деңгей тапсырмаларының үлгісі жасалады.</p> <p>б) Аталған жиілік сөздіктер бойынша жазылған статистикалық сипаттамаларды (ғылыми зерттеу/Монография, сөздік) зерттеу нәтижесі ретінде қабылдауға болады.</p> <p>- жарияланымдарды жүзеге асыру: зерттеу нәтижелері Жоғары Аттестациялау Комиссиясы ұсынған отандық ғылыми басылымдарда және шетелдік ғылыми журналдар мен конференцияларда мақала түрінде жарыққа шығады:</p> <p>- Web of Science деректер базасында Arts and Humanities Citation Index немесе Social Science Citation Index-те индекстелетін немесе Scopus деректер базасында CiteScore бойынша кемінде 35 (отыз бес) проценти бар ғылыми басылымдарда кемінде 2 (екі) мақала</p> <p>Немесе:</p> <p>рецензиялаудан өткен және кемінде екі профессор ғылыми атағының және/немесе ғылым докторы ғылыми дәрежесінің иегерлері жариялауға ұсынған постдокторанттың үлесі 6 б. п. кем емес 1 (бір) кем емес монография;</p> <p>- рецензияланған шетелдік және (немесе) БҒСҚК ұсынған отандық басылымдарда 5 (бес) мақаладан және(немесе) шолулардан кем емес;</p> <p>- алынатын ғылыми нәтижелер қолданысы: зерттеу нәтижелері тіл білімінің техникалық салаларға арналған зерттеулерінде, өзге тілді аудиторияға қазақ тілін меңгертуде, шет тілін оқытуда және шет тілін оқыту әдістемесін жасауда, деңгейлеп оқыту технологиясында қолданылу мүмкіндігі бар.</p> <p>- алынған нәтижелердің нысаналы тұтынушылары: жоғарғы оқу орындарының студенттері мен оқытушылары, PhD-докторанттар мен магистранттар, ғылыми қызметкерлер және тағы да басқа техникалық салаларға, бейіні техникалық мамандықтарға қатысты қазақ тіліндегі сөзқолданыс жиілігіне қызығушылық танытатын қалың көпшілік қауым.</p>
<p>Зерттеу тобы мүшелерінің аты-жөні, идентификаторлары (Scopus Author ID, Researcher ID, ORCID, бар болса) және сәйкес профильдерге сілтемелер</p>	<p>. Карбозова Булбул Давлетханкызы https://orcid.org/0000-0002-9287-5319 ; https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=56922285200; https://www.researchgate.net/profile/Bulbul-Karbozova</p>
<p>Жарияланымдар тізімі (URL, DOI көрсетілген)</p>	
<p>Патент туралы ақпарат</p>	<p>-</p>